

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ КӨГАЛДАНДЫРУ ТАРИХЫ

УТАРБАЕВА Н.А.^{1*}, СИЛАНТЬЕВА М.М.²

*Утарбаева Нурлыгуль Асылбековна¹ — PhD, доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: Nurlygul.utarbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2302-1395>

Силантьева Марина Михайловна² — декан, биология ғылымдарының докторы, профессор, Алтай мемлекеттік университеті, Барнаул қ., Ресей Федерациясы,

E-mail: msilan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7102-2675>

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы ағаштар мен бұталарды отырғызу тарихы зерттелді. Елді мекендерді қатты желден, шаңнан, қардан қорғау мақсатында ағаш өсімдіктерін отырғызу жұмыстарының басы 19 ғасырға келеді. Сол кезден бастап ағаш өсімдіктері өсірілген аудандарды қаланың өсуіне беріп, оның орнына ауылшаруашылығы пайдаланысынан шыққан эрозиялы жерлерді ағаш егуге беру сияқты үнемі трансформациялар болып тұрды. Бұл жасалған жұмыстардың нәтижесінде ағаштар мен бұталар түрлері туралы мағлұмат көбейіп, көгалдандыру жұмыстарының қарқыны артып, бұрын отырғызылмаған ағаш түрлерін жерсіндіру туралы мәліметтер көбейген. Соның арқасында ағашты-орманды шоқ тоғайлар бүкіл елді, елсіз мекендердің барлығында егілді. Жинақталған ғылыми деректер Ақтөбе облысының ағаш өсімдіктерін зерттеудің жалғасуына әкелді. Ақтөбе қаласы маңындағы жасыл зона Ақтөбе орман шаруашылығы мемлекеттік фондының үлескілерінен 1960 – 1980 жылдары берілген. 1990 жылы жасыл зонаның жалпы аумағы 10526 га құраған. Сол кезден бастап дендрологиялық жоспардағы жасыл зона шамалы қарағай, терек, шаған, үйеңкі, акация, ырғай, иргадан, ал негізі - шегіршін мен қарақаттан тұрады. 1989 – 1990 жылдары Ақтөбе қаласының жасыл зонасын құру мақсатында жерлерді тағайындау жұмыстары жүргізілді. Одан кейінгі 19 жылда (1990 - 2009) ешбір жаңарту, зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. 2009-2014 жж. Ақтөбе қаласының санитарлы – қорғаныс зонасындағы жасыл желектерді қайта жаңарту жұмыстары бойынша өткен өзгерістерге топырақтық, геоботаникалық, таксациялық талдау жұмыстары жүргізіліп, қазіргі уақытқа дейін жалғасын тапты.

Түйін сөздер: Ақтөбе қаласы, ағаштар, бұталар, өсірілу тарихы, орман алқаптары, елді мекендер.

Кіріспе

Қазақстанда ағаштар мен бұталарды отырғызу тарихы өте ертеден етек алған. Ғылыми әдебиеттер көзіне жүгінсек, Қазақстанда өсетін өсімдіктерді зерттеу экспедициясының қорытындысы 19 ғасырға келеді: А.И.Шренкстің Алакөл және Балқаш көлдерінен жиналған бағалы жинақтамасы мен солтүстікте – Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, оңтүстік далалар флоралары 1841- 1842 жылдары Фишер мен Майерде [1] жарияланған. Балқаш, Жоңғария, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы алабынан жиналған жинақтаманың алғашқы тізімі 1840-1841 жылдарға келеді [2,3]. П.П.Семенов – Тянь – Шанскиймен [4] 1856 – 1857 жылдары Іле және Күнгей Алатауынан, Тянь-Шань жоталарынан шамамен 1200 өсімдік түрлері жиналған. Ол жиналған материалдарды 1858 жылы толықтырып, 1864 – 1868 жж. өңдеп, E.Redel et F.Herder [5] тізімінде жарияланды. О.Р.Остен-Сакен [6] 1867 жылы Тянь-Шаньның оңтүстік беткейіндегі Нарын өзені маңында өсетін ағаш түрлері туралы тоқталған. 1876 ж. А.Регель Түркістан мен Жетісу жерлеріне саяхат жасап, гербарий жинағын жасаған [7,8,9]. 1875-1879 жж. А.М.Фетисов Іле және Күнгей Алатауына шыққан саяхатын жариялаған. 1878 жылдан бастап, ботаникалық бақ туралы деректер пайда болған [10]. 1875-1876 жылдары Э.О.Баум көптеген Ресей губернияларынан жинаған алманың 80 түрін, емен, үйеңкі мен шаған түрлерін, қара жаңғақ, терек, арша, самырсын, қарағайды Верный қаласына отырғызуға әкелген. Ол қайың тұқымдарын Петропавлдан, қара шағанды Чарын орман шаруашылығынан, ал шегіршін тұқымдарын Жаркент қаласынан әкелген [11]. Баум бастаған ағаш отырғызу жұмыстары олардың экологиялық ерекшеліктерін ескере жасалды. Баум айтқандай «ағашты-орманды шоқ тоғай» бүкіл елді, елсіз мекендердің барлығында құрылды: Дегенмен Э.О.Баумның бұл алғашқы көлемді жұмысы болғандықтан ба немесе зерттеу ауданының өте ауқымдылығынан ба жұмыстары сәтті ақталмаған.

1917-1924 жылдары революция мен одан кейінгі кездердің қиыншылығына қарамастан,

Орта Азия мен Қазақстанға экспедициялар жалғаса берді. Н.В.Шипчинский Семей облысының Зайсан ауданының талдарының жаңа түрлеріне және қайыңға [12,13] сипаттама берген. 1925 жылы Н.В.Павлов Торғай облысын ботаникалық-географиялық сипаттап, ормандарына сипаттама берген. Т.Попова [19] Зайсан шұңқырының *Calligonum L.* жаңа түрлеріне сипаттама берген. М.Г.Попов Орта Азия мен Қазақстанды зерттеп, жұмыс нәтижелерін 1927-1934 жылдары жариялады. Онда Орта Азиядағы өсімдіктер дүниесінің дамуына, Алматы қаласының маңында [14,15] өсетін жабайы жеміс ағаштарына сипаттама берді.

Академик Н.В.Павлов осы жылдары Орал өзені аңғарының [16], Бетпақ-Дала шөлінің және Қарсақпай жазығының өсімдіктер дүниесін [17] зерттеген.

Бұл жасалған жұмыстардың нәтижесінде ағаштар мен бұталар түрлері туралы мағлұмат көбейіп, көгалдандыру жұмыстарының қарқыны көбейіп және бұрын отырғызылмаған ағаш түрлерін жерсіндіру туралы мәліметтер көбейген; нәтижесінде 1933 жылы қазақ ССР ғылым академиясының филиалы Ботаникалық секторы құрылды. Сол жылы ботаника Институты құрамында Қазақ ССР ҒА филиалы Алматы ботаникалық бағы құрылып, кейін 1946 жылы жеке ғылыми зерттеу орталығына айналды.

Кейінгі жылдары А.М.Мушегян Қазақстанның ағаш өсімдіктерінің түр-тұқым құрамына талдау жасады [18,19], қайыңның жаңа түрлерін (*Betula alata* Mush, *B. crassijula* Musheg.), жидені (*Elaeagnus iliensis* Mush.) және Қазақстанды дендрологиялық аудандарға [20] бөліп сипаттайды. 1959 жылы А.М.Мушегян редакциялығымен «Деревья и кустарники Алматинского ботанического сада» еңбегі шығады. Онда 22 жылда зерттелген 730 ағаш түріне сипаттама берілген. 1962-1966 жылдары А.М.Мушегян өзінің зерттеулерін «Деревья и кустарники Казахстана» 2 томдық еңбегімен аяқтайды.

Қазақстан Республикасының қуаңшылық аймақтарында орналасқан ботаникалық бақтарға (Қарағанды, Жезқазған, Іле, Маңғышлақ) ағаш түрлерінің жерсінудері жұмыстарының нәтижелерін туралы И.О.Байтулин мен В.Г.Рубаник жазған. Авторлардың айтуынша, ботаникалық бақпен бірдей топырақтық-климаттық зонаға өсімдіктердің 225 түрі мен формалары ұсынылған: Алматы қаласын көгалдандыру үшін 176, соның ішінде 23-і қылқанжапырақтылар; Жезқазған мен Қарағанды облыстары үшін 76 және 5, 170 және 17 сәйкесінше; Оңтүстік Балхашта 54 және 1; Шығыс Қазақстан үшін 117 және 20. Бұл жұмыста тағы Есік екпетоғайындағы қарағайдың 14 жыл бойы өсу динамикасы келтірілген.

Өкінішке орай, бұдан кейінгі жылдардың тәжірибелі – көрсеткішті ормандардағы ағаштардың өсуі, дамуы, жерсінудері туралы мәліметтер жоқ.

Негізгі бөлім

1951 жылы А.Н.Протасовтың «Лесные питомники Казахстана», ал 1965 жылы «Типы лесных культур Казахстана» атты еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектерде автор өсімдіктердің бағалы түрлерінің (емен, грек жаңғағы, сібір қарағайы, сібір, дауыр балқарағайы және т.б.) көшет материалдарын отырғызудың озық тәжірибелерін ғылыммен ұштастырып, жинақтап қорытындылаған. Осы кездері Медведев А.Н. «Экологические основы лесоразведения в подпоясе еловых лесов Северного Тянь-Шаня» атты көпжылдық еңбегін аяқтады. Онда Тянь-Шанның орман өсімдіктерін аудандастыру жұмыстары орындалған; Солт.Тянь-Шань жағдайында өсіп жетілу классификациясын ұсынған; экологиялық құндылығы аз түрлер анықталған. Кейін 1997 жылы жұмыстар қорытындалып, «Лесные питомники Казахстана» еңбегі жарық көрді.

П.П.Бесчетов Қазақстаннан басқа жақтарда өсірілетін еменнің құнды түрлерінен (қазақстандық, қайрат) будан жасады.

Қазіргі кезде Қазақстан қалаларының ағаштары мен бұталары бойынша еңбектер аз емес. Е.Н.Нысанбаевтың жұмысында Астана қаласын көгалдандырудың көпжылдық қорытындылары берілген. Бұл жұмыста қылқанжапырақты ағаштар мысалында қаланың техногендік әсері, экологиясы көрсетілген. Павлодар облысының дендрофлорасына экологиялық-биологиялық талдау жасалып, шаруашылыққа маңызды түрлерге тоқталып, жергілікті және жерсіндірілген ағаштар мен бұталар түрлерінің ерекшеліктеріне зерттеу жұмыстары жүргізілді. Теміртау қаласының ағаш өсімдіктері түрлерінің жапырақтарының

биоиндикациялық әлеуетін талдаған жұмыстар жасалды. Ақтау қаласының Маңғышлақ тәжірибелі ботаникалық бағындағы интродуценттерінің түрлері, экологиясы, жерсінудері бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қостанай қаласы мен маңының адвентивті флорасы талданып, [20] көгалдырудағы кейбір ағаш түрлерінің қазіргі кездегі тиімсіздігі зерттелді. Н.М.Большаков “Дендрофлора Саур – Тарбағатайской горной области” еңбегінде ағаштар мен бұталарға толық жан-жақты талдау жүргізген.

Қорытынды

Ақтөбе облысы аймағындағы ағаш отырғызу жұмыстары туралы алғашқы деректер де XIX ғасырдың соңына келеді. Осылайша, 1892-1896 жылдары қазіргі Ақтөбе облысының солтүстік бөлігінде орман алқаптарын белгілеп, оларды бекіткен. 1950 жылға дейін орман фондын бақылау үстіртін болды.

1968, 1970 және 1975 жылдары В.А. Комаров атындағы Ботаникалық институты Ақтөбе облысы территориясына маршруттық зерттеу жұмыстарын жүргізген. Соның нәтижесінде орта масштабты өсімдіктер картасы жасалды. Одан кейін бірнеше жыл қатарынан Казгидрозем институтының кешенді іздеу бөлімшесімен аймақ бойынша геоботаникалық зерттеу жұмыстары жүргізілген. 1987-1991 жылдары профессор Е.А. Агелеуовтың басшылығымен Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің ботаника кафедрасының қызметкерлерімен экспедициялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Аталған экспедициялық жұмыстардың негізі Оралманы үстіртінің далалық бөлігінің, бор қыртыстарының өсімдіктер жабыны мен флорасына арналған. Өкінішке орай, бұл жұмыстар қазіргі таңда тоқтатылды және олардың коллекциялық әлеуеті іс жүзінде қолданылмайды. 1979 жылдан бастап С.А. Айпеисова Ақтөбе флористикалық округінің флорасын кешенді зерттеумен айналысып келе жатыр.

Ақтөбе қаласының маңында қала тұрғындарын қатты желден, шаңнан, өнеркәсіп қалдықтарының теріс әсерінен қорғау мақсатында жасыл зона құру бойынша жоспарлы жұмыстардың басы 1957 жылға келеді. Сол өткен жылдарда жасыл зона аудандарын қаланың өсуіне беріп, оның орнына ауылшаруашылығы пайдаланысынан шыққан эрозиялы жерлерді ағаш егуге беру сияқты үнемі трансформациялар болып тұрды. Мемлекеттік орман фондына берілген аймақтар туралы мәліметтер мемлекеттік орман құру құжаттарында көрсетілген. Ақтөбе қаласы маңындағы жасыл зона Ақтөбе орман шаруашылығы мемлекеттік фондының үлескілерінен 1960 – 1980 жылдары берілген. 1990 жылы жасыл зонаның жалпы аумағы 10526 га құраған. Сол кезден бастап дендрологиялық жоспардағы жасыл зона шамалы қарағай, терек, шаған, үйеңкі, акация, ырғай, иргадан, ал негізі - шегіршін мен қарақаттан тұрады. 1989 – 1990 жылдары Ақтөбе қаласының жасыл зонасын құру мақсатында жерлерді тағайындау жұмыстары жүргізілді. Одан кейінгі 19 жылда (1990 - 2009) ешбір жаңарту, зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. 2009-2014 жж. Ақтөбе қаласының санитарлы – қорғаныс зонасындағы жасыл желектерді қайта жаңарту жұмыстары бойынша өткен өзгерістерге топырақтық, геоботаникалық, таксациялық талдау жұмыстары жүргізіліп, қазіргі уақытқа дейін жалғасын тапты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Fisher F.E. et Mayer C. Enumeratio plantarum novarum a ci. Shrenk Petropoli // Prus. Rev. – 1841. – Vol. 45, № 1. – P. 1-113, Vol. 46, № 2. – 1842. – P. 1-77.
2. Karelin G.S. Letters. Bull. Soc natur. Moscou, Nr // Prus. Rev. – 1840 – Vol.52, № 4. – P. 495-504.
3. Karelin G.S. Letters. Bull. Soc natur. Moscou, Nr // Prus. Rev. – 1841 – Vol.53, № 3. – P. 559-573.
4. Семенов-Тянь-Шанский П.П. Мемуары. Путешествие в Тянь-Шань. горы., - 1946. – от 2. – 123 с.
5. E.Regel et F.Herder. Enumeratio platarum in regionibis cis et transiliensibus aci.Semenovio anno 1857 collectarum. Bull.Soc.natur.Moscou.// Prus. Rev. – 1864 – Vol.2, № 2. – P. 383-425., – 1866 – Vol.2, № 8. – P. 527-571., – 1866 – Vol.2, № 12. – P. 1-115., – 1867 – Vol.2, P. 124-190., –

1868 – Vol.2, № 2. – P. 269-310.

6. Остен-Сакен Ф.Р. Поездка в занарымский край летом 1867 г. – гор: Изд. РГО. 1869. – Т.2. – С.127-150.

7. Регель А. Ботаническая экскурсия в горы в Каратау // Туркест.вед. – 1876.-№31. – С.122-123.

8. Регель А. Из Кульджи // Вестник Российск. общ. садоводства. – 1877. – С.397-403

9. Регель А. Ботаническая экскурсия от Ташкента до Кульджи // Туркест.вед. – 1878.-№Ю-13. – С.245-256.

10. Фетисов А.М. Экскурсия в горы в Заилийского, Терскей и Кунгей Алатау // Туркест.вед. – 1878.-№3, 4. – С.133-157.

11. Дробов В.П. Семство Ulmassie-во флоре Узбекистана // 1, 2 АН УЗ.- ССР – Ташкент. – 1953. – С.114-126

12. Шипчинский Н.В. Новые для Семипалатинской области ивы. (Зайсанский уезд) // Бот.мат.герб.гл.бот.сада – 1923 – Т.4.- Вып.15-16. – С.127-128

13. Шипчинский Н.В. Betula pana L. и Claytonia Joanneana R. В Семипалатинской области// Бот.мат.герб.гл.бот.сада – 1923 – Т.4.- Вып.9-10. – С.80

14. Попова Т. Новые виды Calligonum L. из Зайсанского округа // Сист.зам.по матер.герб. Томского унив. – 1928 – №5 - С.1-3

15. Попов М.Г. Основные черты развития флоры Средней Азии // Бюлл.САГУ, №15 – 1927 – №5 - С.239-292

16. Попов М.Г. Ботаническая характеристика обитания плодовых в окрестностях г.Алма-Ата // Бюлл.Каз.фил.АН СССР, Алма-Ата, 1934. – Вып.1 - С.47-54

17. Павлов Н.В. Ботанико-географическое значение долины реки Урал // Вест.АН Каз.СССР, Алма-Ата-М.:1934. - Вып.1 - С.44-55

18. Павлов Н.В. Растительность западной Бетпак-дала и Карсакпайского плато // Тр.САГУ, серия 8 – Б, Ботаника, Ташкент, 1935. – Вып.22 - С.1-34

19. Мушегян А.М. Березы Казахстана (видовой состав и определитель) // Тр.Каз.СХИ, Алма-Ата, 1955. Т.5.-Вып.1. – С.181-201

20. Мушегян А.М. Березы Казахстана (полное описание с рисунками) // Тр.Каз.СХИ, Алма-Ата, 1956. Т.3.-Вып.1. – С.18-39

References

1. Fisher F.E. et Mayer C. Enumeratio plantarum novarum a ci. Shrenk Petropoli // Prus. Rev. – 1841. – Vol. 45, № 1. – P. 1-113, Vol. 46, № 2. – 1842. – P. 1-77.

2. Karelin G.S. Letters. Bull. Soc natur. Moscou, Nr // Prus. Rev. – 1840 – Vol.52, № 4. – P. 495-504.

3. Karelin G.S. Letters. Bull. Soc natur. Moscou, Nr // Prus. Rev. – 1841 – Vol.53, № 3. – P. 559-573.

4. Semenov-Tyan'-SHanskij P.P.(1946). Memuary. Puteshestvie v Tyan'-SHan'.gory. 123 [in Russian].

5. E.Regel et F.Herder. Enumeratio platarum in regionibus cis et transiliensibus aci.Semenovio anno 1857 collectarum. Bull.Soc.natur.Moscou [in Russian].

6. Osten-Saken F.R. Poezdka v zanarymskij kraj letom 1867 g. – gor: Izd. RGO. 1869. – Т.2. – S.127-150.

7. Regel' A. Botanicheskaya ekskursiya v gory v Karatau // Turkest.ved. – 1876.-№31. – S.122-123.

8. Regel' A. Iz Kul'dzhi // Vestnik Rossijsk. obshch. sadovodstva. – 1877. – S.397-403

9. Regel' A. Botanicheskaya ekskursiya ot Tashkenta do Kul'dzhi // Turkest.ved. – 1878.-№YU-13. – S.245-256.

10. Fetisov A.M. Ekskursiya v gory v Zailijskogo, Terskej i Kungej Alatau // Turkest.ved. – 1878.-№3, 4. – S.133-157.

11. Drobov V.P. Semestvo Ulmaccie-vo flore Uzbekistana // 1, 2 АН УЗ.- SSR – Tashkent. –

1953. – S.114-126

12. SHipchinskij N.V. Novye dlya Semipalatinskoy oblasti ivy. (Zajsanskij uезд) // Bot.mat.gerb.gl.bot.sada – 1923 – Т.4.- Vyp.15-16. – S.127-128

13. SHipchinskij N.V. Betula nana L. i Claytonia Joanneana R. V Semipalatinskoy oblasti// Bot.mat.gerb.gl.bot.sada – 1923 – Т.4.- Vyp.9-10. – S.80

14. Popova T. Novye vidy Salligonum L. iz Zajsanskogo okruga // Sist.zam.po mater.gerb. Tomskogo univ. – 1928 – №5 - S.1-3

15. Popov M.G. Osnovnye cherty razvitiya flory Srednej Azii // Byull.SAGU, №15 – 1927 – №5 - S.239-292

16. Popov M.G. Botanicheskaya harakteristika obitaniya plodovyh v okrestnostyah g.Alma-Ata // Byull.Kaz.fil.AN SSSR, Alma-Ata, 1934. – Vyp.1 - S.47-54

17. Pavlov N.V. Botaniko-geograficheskoe znachenie doliny reki Ural // Vest.AN Kaz.SSSR, Alma-Ata-M.:1934. - Vyp.1 - S.44-55

18. Pavlov N.V. Rastitel'nost' zapadnoj Betpak-dala i Karsakpajskogo plato // Tr.SAGU, seriya 8 – B, Botanika, Tashkent, 1935. – Vyp.22 - S.1-34

19. Mushegyan A.M. Berezy Kazahstana (vidovoj sostav i opredelitel') // Tr.Kaz.SKHI, Alma-Ata, 1955. T.5.-Vyp.1. – S.181-201

20. Mushegyan A.M. Berezy Kazahstana (polnoe opisanie s risunkami) // Tr.Kaz.SKHI, Alma-Ata, 1956. T.3.-Vyp.1. – S.18-39

ИСТОРИЯ ОЗЕЛЕНЕНИЯ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ В КАЗАХСТАНЕ

УТАРБАЕВА Н.А.^{1*} , СИЛАНТЬЕВА М.М.² 

*Утарбаева Нурлыгуль Асылбековна¹ — PhD, доцент, Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова, г.Актөбе, Казахстан

E-mail: Nurlygul.utarbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2302-1395>

Силантьева Марина Михайловна² — декан, доктор биологических наук, профессор, Алтайский государственный университет, г. Барнаул, Российская Федерация

E-mail: msilan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7102-2675>

Аннотация. В статье изучена история выращивания деревьев и кустарников в Казахстане. Начало работ по посадке древесной растительности с целью защиты населенных пунктов от сильных ветров, пыли, снега приходится на 19 век. С тех пор происходили постоянные преобразования, такие как передача районов, где выращивалась древесная растительность, в рост города, а вместо этого - передача эрозионных земель из сельскохозяйственного использования под лесозаготовки. В результате проведенной работы увеличились сведения о типах деревьев и кустарников, темпы озеленительных работ, сведения об акклиматизации ранее не высаженных пород деревьев. Благодаря этому древесные растения были засеяны во всех без исключения населенных пунктах. Накопленные научные данные сподвигли к продолжению изучения растительности в Актюбинском регионе. Зеленая зона вблизи г. Актөбе выделена из долей Актюбинского Государственного фонда лесного хозяйства в 1960 – 1980 годы. В 1990 году общая площадь зеленой зоны составила 10526 га. С тех пор зеленая зона в дендрологическом плане состоит из сосны, тополя, ясеня, клена, акации, жимолости, ирги, а основа - из вяза и смородины. С 1989 по 1990 годы в целях создания зеленой зоны города Актөбе проводились работы по назначению земель. В последующие 19 лет (1990 - 2009) никаких обновлений, исследований не проводилось. 2009-2014 гг. проведены почвенный, геоботанический, таксационный анализ прошедших изменений по реконструкции зеленых насаждений в санитарно-защитной зоне г. Актөбе и продолжены до настоящего времени.

Ключевые слова: город Актөбе, деревья, кустарники, история выращивания, лесные массивы, населенная местность.

HISTORY OF GREENING OF SETTLEMENTS IN KAZAKHSTAN

UTARBAYEVA N.A.^{1*} , SILANTIEVA M.M.² 

*Utarbayeva Nurlygul Asylbekovna¹ — PhD, docent, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: Nurlygul.utarbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2302-1395>

Silantieva Marina Mikhailovna² — Dean, Doctor of Biological Sciences, Professor, Altai state University, Barnaul, Russian Federation

E-mail: msilan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7102-2675>

Abstract. The article examines the history of growing trees and shrubs in Kazakhstan. The beginning of work on planting woody vegetation in order to protect settlements from strong winds, dust, and snow falls on the 19th century. Since then, there have been ongoing transformations, such as the transfer of areas where woody vegetation was grown to urban growth, and instead the transfer of eroded land from agricultural use to logging. As a result of the work carried out, information about the types of trees and shrubs, the pace of landscaping work, and information about the acclimatization of previously un-planted tree species increased. Thanks to this, woody plants were sown in all localities without exception. The accumulated scientific data led to the continuation of the study of vegetation in the Aktobe region. The green zone near Aktobe was allocated from the shares of the Aktobe State Forestry Fund in 1960-1980. In 1990, the total area of the green zone was 10526 hectares. Since then, the green area in the dendrological plan consists of pine, poplar, ash, maple, acacia, honeysuckle, irga, and the base - of elm and currant. From 1989 to 1990, in order to create a green zone of the city of Aktobe, work was carried out on the designation of land. In the next 19 years (1990-2009), no updates or studies were conducted. 2009-2014 The soil, geobotanical, and taxational analysis of the past changes in the reconstruction of green spaces in the sanitary protection zone of Aktobe was carried out and continued to the present time.

Key words: the city of Aktobe, trees, shrubs, history of cultivation, forests, inhabited the area.